

**2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыруға жататын  
өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Науырзым ауданының аумағында егіс  
жұмыстардың басталуы мен аяқталуының онтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 мамырдағы № 47 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 мамырда № 7768 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Занының 31-бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Занының 5-бабы 3-тармағына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндettі сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Науырзым ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының онтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2. "Науырзым ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқықындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Науырзым ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Науырзым ауданының әкімі

Т. Даирев

Әкімдіктің

2018 жылғы 2 мамырдағы

№ 47 қаулысына

қосымша

**2018 жылға арналған өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи-климаттық аймақтар бөлігіндегі Науырзым ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының онтайлы мерзімдері**

Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының онтайлы мерзімдері
III күргақ дала аймағы	
Жұмсақ жаздық бидай	15 мамырдан 2 маусымға дейін
Қатты жаздық бидай	18 мамырдан 28 мамырға дейін
Жаздық арпа	15 мамырдан 5 маусымға дейін
Сұлы	15 мамырдан 5 маусымға дейін
Карақұмық	20 мамырдан 5 маусымға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК